

ЖШС «Жас Дарын» бастауыш мектебі

Ашық сабақтың Хаттамасы

Тақырыбы: Жер ғаламшарының көрінісі

Сыныбы: 1 «А»

Сынып жетекшісі: Нұрхан Г.С.

2024-2025 жыл

20.02.2025 жылы 1 «А» сыныбында Нұрхан Гүлнұр Серікқызы, жаратылыстану пәнінен «Жер ғаламшарының көрінісі» тақырыбына ашық сабақ өтті. Сабақтың басы, сыныпта психологиялық ахуал тудырудан басталды. Оқушылар ұстазбен бірге өлең жолдарын айтумен бастады. Оқушылар “Ай & Күн” әдісі бойынша 2 топқа бөлініп отырды. Сонымен, мұғалім оқушылардан өткен тақырыпты “Доп” әдісі бойынша сұрады, допты аты аталған оқушы қағып алып, сураққа жауап берді. Одан әрі, жаңа сабақтың тақырыбын оқушыларға сұрақ қою арқылы анықтап, актив панель тақтасына Жер ғаламшары туралы видеоролик қойды. Мұғалім жаңа сабақты түсіндіру мақсатында глобус әкеліп жер ғаламшарының қандай болатынын, ондағы түстер нені білдіретінін түсіндірді. Әрі қарай оқушылар дәптермен жұмыс жасады. Сабақтың ортасында тақтадағы бір-біріне қарсылас мағынадағы сөздерді мензер арқылы сәйкестендірді. Оқушылардың шаршауын басу мақсатында, сергіту сәті ұйымдастырылды, сергіту сәтінде Ана тілі пәнінен жаттаған «Шөре шөре лағым» атты өлең жолдарын іс-қимылмен көрсете отырып оқушылар сергіту сәтін жасады. Ары қарай, сыныпта топтық жұмыс ұйымдастырылды, екі топтың арасында Күн тобы жылдамдық көрсетіп топқа берілген тапсырманы бірінші болып орындап, тақтаға шығып өз жұмыстарын қорғап шықты. Сабақтың соңына қарай балаларға ұсақ маторикасын дамыту мақсатында ермексаздан жердің пішінін жасады. Оқушылар сабаққа жақсы қатысқаны үшін мұғалім оқушыларға аспан әлеміне саяхат жасатты және сабақ соңында жұлдызшаларға көңілді немесе көңілсіз

тұрған смайлик салып, “Түнгі аспан” әдісі бойынша кері байланыс жасады.

